



**«ТАШКЕНТ ИРРИГАЦИЯ ЖӘНЕ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН
МЕХАНИКАЛАНДЫРУ
ИНЖЕНЕРЛЕРІ ИНСТИТУТЫ»
ҰЛТТЫҚ ЗЕРТТЕУ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ**

**АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ
ФИЛИАЛЫ**

2025 ЖЫЛ





Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылы желтоқсан айында Ташкентке барған мемлекеттік сапарының, 2023 жылы 3 наурызда Шымкент қаласында өткен Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы мемлекет басшыларының кездесу қорытындысы бойынша қол жеткізген келісімге сәйкес, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің базасында «Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институты» ұлттық зерттеу университетінің филиалын ашу міндеттелді.

Екі мемлекеттің Президенттерінің қолдауымен нарықта сұранысқа ие су шаруашылығы мамандарын даярлау мақсатында 2024-2025 оқу жылында Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің базасында «Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институты» Ұлттық зерттеу университетінің филиалы ашылды.

Филиалда мамандар даярлау Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының мемлекеттік білім беру стандарттары негізінде Университет бекіткен оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүргізіледі.



**«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамы**

және

**«Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын
механикаландыру**

инженерлері институты»

Ұлттық Зерттеу Университетінің

Алматы қаласындағы филиалы

бірлесіп әзірленген ЕКІ ДИПЛОМДЫҚ

Білім беру бағдарламалары:



Студент екі жыл КазNARU базасында және екі жыл
Филиалда:

- Бакалавриат бойынша «6B08604 – Су шаруашылығы және мелиорация» білім беру бағдарламасы;
- Магистратура бойынша «7M08610 – Су ресурстарын кешенді пайдалану және басқару» білім беру бағдарламасы бойынша білім ала алады.



Бітірушілер қызметі

Су шаруашылығы және мелиорация білім беру бағыты бойынша даярланатын мамандар келесі ұйымдарда жұмыс істей алады:

- ❖ Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Суармалы жерлердің мелоративтік жағдайын жақсарту қорында;
- ❖ Су шаруашылығы министрлігі жанындағы «Ирригация және су мәселелері ғылыми-зерттеу институтында»;
- ❖ Салалық басқа ғылыми-зерттеу институттарында;
- ❖ Облыс және аудан әкімдіктерінде;
- ❖ Коммунал қызмет агенттігі және бөлімдерінде;
- ❖ Су шаруашылығы тресі және оның бөлімдерінде;
- ❖ Ауыл шаруашылығы және су шаруашылығы жобалау институттарында;
- ❖ Ауыл шаруашылығы және су шаруашылығы министрлігі мен оның қарамағындағы ұйымдарда, соның ішінде:
- ❖ Ирригация жүйелері алаптық басқармаларында;
- ❖ Гидрогеологиялық мелоративтік экспедицияда;
- ❖ Су шаруашылығы жұмыстарын басқаруға маманданған Мемлекеттік унитарлық кәсіпорындар мен басқа да ұйымдарда;
- ❖ Магистральды каналдар басқармаларында;
- ❖ Су пайдаланушылар одағында.



Білімді, ұтқыр маман даярлау мақсатында мемлекет білім беру бағдарламаларына жылдағыдан үш есе артық грант орындары бөлінген.

Толық ақпаратты <https://app.testcenter.kz/> сайтынан біле аласыздар.

Математика+Физика 50 балл

жинаған талапкер мемлекеттік Грантқа Үміткер бола алады.

Шетел азаматтары стипендиялық бағдарлама арқылы тегін (стипендиялық бағдарлама бойынша толық ақпарат сілтемесі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kazaid/activities/30352?lang=ru>) және сұхбаттасу арқылы ақылы негізде оқуға қабылданады.

Қандастар үшін мемлекеттен бөлінетін 4% дық жеңілдік қарастырылған. 5 пәннен тапсырған ҰБТ нәтижесінде Математикалық сауаттылық және оқу сауаттылығынан 3 балдан жоғары жинаса, Қандас талапкер грантқа түсу үшін конкурсқа қатыса алады.



КазNARU – студенттерін жатақханада орынмен толық қамтамасыз еткен Алматы қаласындағы жалғыз университет

Оқуға түсу үшін қандай құжаттар қажет?

- Белгіленген үлгі бойынша өтініш;
- аттестат немесе диплом қосымшасымен (түпнұсқа);
- көлемі 3*4 фотосурет – 6 дана;
- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 075-у нысандағы медициналық анықтама, флюорография түсірмесімен;
- 063 нысандағы егу картасының көшірмесі;
- әскерге тіркеу куәлігінің көшірмесі (ер балалар үшін);
- төлем ақы түбіртегінен көшірме (ақылы оқытындар үшін);
- ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба кілті.



Сұрақтар бойынша келесі телефон нөмірлеріне хабарласып жауап ала аласыздар:

Алматы қаласындағы филиалдың директоры:

Бердышев А.С. +7 707 250 80 20

Оқу жөніндегі маманы:

Зулпибекова С.Б. +7 708 500 01 91

Қауылдау комиссиясы [+ 7\(747\)264-08-54](tel:+7(747)264-08-54)



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!